



“Бақыт”
сөзінің
энциклопе
диясы



“Бақыт” сөзінің СИМВОЛЫ



**“Бақыт” – адамның
өмір қызығы мен
қуанышына,
рахатына қанағаттану
дәрежесін танытатын
этикалық ұғым.**



Бақыт деген не?



*Ежелгі грек
данышпаны
Аристотельдің
түсінігімен, бақыт
деген - адамгершілігі
мол адамдарда өмір
сүретін жан.*

*Психология пәнінің көптеген
оқулықтарында "бақыт" термині өз
өмірінен толық қанағаттанушылық
сезімін сезінген адамның психологиялық
көңіл-күй ауаны деп түсіндірілген.*

*Бақыт бұл уақытта жоқ нәрсе және бұл
уақытта қатты қалайтын нәрсе.*

*Бақыт - бұл арман. Бақыт - қоршап
алған қиял сағымы*





**сәттілік, береке,
рахат, шаттық,
табыс, жетістік**



Мақал - мәтелдер



- 1) Бақ қонатын адамның,
 Ұлы епті, қызы көрікті болады.
- 2) Таудай талаптан бармақтай бақ.
- 3) Бұлт қайда қонса, бақыт сонда шөгеді.
- 4) Бағы тайған адамды түйе үстінен ит
 қабар.
- 5) Басыңа бақ қонғанда,
 Елден асқан данасын.
 Басыңнан бақ тайғанда,
 Қалыбыңа барарсың.
- 6) Бірлік, ынтымақ – байлық бақ.
- 7) Бап шаппайды, бақ шабады.

Адам үшін бақыт деген не?

- 1. Үйлесімділік
(гармония)*
- 2. Отбасы*
- 3. Махаббат*
- 4. Өз-өзін табу*
- 5. Жетістік*
- 6. Қаржылық
кең
мүмкіндік*



**Бақыт деген сенің бала күндерің
Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің.
Бақытын да басқасын да білмеуің
Бақытсыз-ақ ойнағаның күлгенің.**

**Бақыт жайлы менің мынау білгенім
Бақыт деген бірде шаттық бірде мұң.
Бақытты сол-тәрік етіп түндерін
Бақыт іздеп азаптанса кімде кім.**

**Бақыт деген әркімдерде бір арман
Сол арманның шыққан жері
кұмардан.**


**Ал сен үшін бақыт деген дәл қазір
Бақыт жайлы жазалмаған шығармаң.**

**Бақыт деп мал бақ, мейлің, тас қала
Бірде балам, мынаны естен тастама!
Бақыттысың бақыт іздеп сорласаң
Бақытты боп сорлап жүрсең масқара!**

**Бақытың мен, бақытым деп біл мені
Мені білсең бақытыңды білгенің.
Ал мен үшін ең бақытты күндерім
Балам саған бақыт іздеп жүргенім.**



Қазыбек Иса
Бақыт туралы жыр



Балдауренде қиялдауды қоймаған,
Көз талдырдым мұнаралы мұнарға...
Мен бақытты шығармын деп ойлағам,
Бақыт жайлы жазған кезде шығарма.
Шалдықтырса, шала ұйқылы түндерім,
Шақырады шаңқан сәуле бір нәзік.
Бақыт құсы қонбады ма, білмедім,
Бақыт жайлы жүрмін әлі жыр жазып...
Күнімменен күмістеліп күлкім де,
Күндей мұнды... күндер күнде өтеді...
Жалғыз ғана білетінім, бұл күнде
Бақыт деген байлық емес екені...
Жарқыраса жанындағы жақұтың,
Қолда барды қадірсіз ғып қойған-ау....
Бақытсыздар көп ойлайды Бақытын,
Бақыт деген – Бақыт жайлы ойламау!

Ұлылар бақыт туралы.

*Бақыттың мәні –
парасаттылықта, әркімнің өз
алдына игілікті мақсат қоя білуінде
адамның өз мінез – құлқын, іс –
әрекетін ерікті түрде өзгертіп,
игілікке бағыттап отыруында.*

Әбу Насыр әл – Фараби

*Бақыттың шалғайынан басып,
күшпен ұстап тұруға болмайды.*

Сайф әс – Сарайи

Бақыт көктемдегі бұлт сияқты.

*Ол – көрген түстей, ұшқан құстай
өте шығады.*

Ахмед әл – Иүгінеки



*Тағдыр деген нәрсе бақыттың
барабанын ылғи да қаға бермейді.*

Құтып

*Асқан сұлулықтан аз гана бақыт
артық.*

Әлішер Науаи

*Бақытты болғың келсе, өмір
туралы аз ойла.*

Томас Фуллер


*Басқаға қуаныш сыйлай білген –
ең бақытты жан.*

Дени Дидро









© "Саманд" 1999-2012 <http://www.blmsh.d.e>
**НАЗАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!**